

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 6 қыркүйек N 984. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.10.2019 № 752 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

1) Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институты;

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Механика және математика ғылыми-зерттеу институты;

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Биология және биотехнология проблемалары ғылыми-зерттеу институты;

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Экология проблемалары ғылыми-зерттеу институты;

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Физика-химиялық талдау әдістерінің орталығы мемлекеттік мекемелерін;

2) "Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Жану проблемалары институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 6 қыркүйектегі  
N 984 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі**

1. Жаңа химиялық технологиялар және Алматы қаласы материалдар ғылыми-зерттеу институты
2. Математика және механика ғылыми- Алматы қаласы зерттеу институты
3. Биология және биотехнология Алматы қаласы проблемалары ғылыми-зерттеу институты
4. Экология проблемалары ғылыми-зерттеу Алматы қаласы институты
5. Физика-химиялық зерттеу және талдау Алматы қаласы әдістерінің орталығы
6. Алынып тасталды - 2008.02.07. N 119 Қаулымен.
7. Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты Алматы қаласы <\*>
8. Ғылыми-технологиялық парк Алматы қаласы <\*>
9. Ашық үлгідегі ұлттық нанотехникалық зертхана Алматы қаласы

Ескерту. Тізбе 7, 8-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 37, 9-жолмен толықтырылды - 2007.12.21. N 1258 , 2008.02.07. N 119 Қаулыларымен.